

Қарқаралы ауданы әкімдігінің қаулысының күшін жою туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 5 қаңтардағы № 02 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 қаңтарда № 4123 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы № 568 " Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларын бекіту туралы" қаулысына және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2016 жылғы 09 қарашадағы № 02-16/435 ұсынысына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарқаралы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 04 сәуірдегі № 80 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 3760 болып тіркелді, 2016 жылғы 30 сәуірде "Қарқаралы" газетінің № 35-36 (11470) санында, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылдың 13 мамырында жарияланған) қаулының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қарқаралы ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарқаралы ауданының әкімі

К. Максұтов